| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын:"Әуе шарлары" | | ойын: "Жеміс пе,көкініс пе?" | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Айаруға апта күндерін ретімен атай білуге үйрету. | Дидарға сөздерді анық айта білуге жаттықтыру. | Інжуге"р" дыбысына сөздерді анық айтуға жаттықтыру. . | Шырынға тәулік мезгілдерін сұрау,үйрету | Мейіржанға күз мезгілінің , ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін , киінгенде түймелерін қадап , аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен:**Кешкі ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** табиғат құбылысын сезіну. **Қимылдық ойын**: "Жалаушаға жет" **Мақсаты:** шапшаңдылыққа үйрету. **Еркін ойын.** | **Серуен**:Күзгі ағашты бақылау. **Мақсаты:** ағаштың ерекшелігін ажырату. **Қимылдық ойын:** "Өз үйіңді тап!" **Мақсаты:**ойынға қызығушылығн арттыру. **Еркін ойын.** | **Серуен**:Айналада жүрген құстарды бақылау. **Қимылдық ойын:** Торғайлар мен мысық. **Мақсаты:** балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар** | **Серуен:** Жолдағы көліктерді бақылау. **Қимылдық ойын:** Мысық пен тышқан. **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар** | **Серуен:** Желді бақылау. **Қимылдық ойын:** Сұр көжек жуынып жатыр. **Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту. **Еркін ойындар** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Балабақшаның күн тәртібімен таныстыру. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Баланың достарымен қарым-қатынасы туралы әңгімелесу. | Баланың үйде өзі киініп, шешінуін қадағалап, талап етіп отыруы жөнінде ата-анамен әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндеріне сәттілік тілей отырып үйлеріне тарату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сұрау.<br>Мақсаты: есте сақтау қабілетін арттыру.<br>5.Еркін ойындар. | жетілдіру.<br>**5.Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін , шкафка киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигеналық шаралардың орындалуын бақылау. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту ,тамақтану мәдениетін қалыпастыру.Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| | Балалардың қалауымен ертегі айтып беру. | "Не дәмді" ертегісін оқып беу. | Жай әуен ырғамен ұйқыға жатқызу. | Ұйықтар алдында "Шалқан" ертегісін оқып беру. | А.Қалаубаеваның "Ертегілер" әні тыңдау арқылы ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу кезіде сөйлемей ,тыныштыыық сақтап ьамақтану дағыдыдарнс үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақты тауысып жеуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | **Вариативті компонент**<br>"Қызықты математика"<br>Тақырыбы: "Әуе шарлары "<br>Мақсаты: Балаларды түстер туралы түсінік қалыптастыру.Берілген үлгіге қарап ,түстерді сәйкестендіріп әуе шарларын таңдау жолдарымен таныстыру. | **Дидактикалық ойын**:"Танып ал да,атын ата"<br>Мақсаты заттың түр-түсін ,пішінін ,атын атауға жаттықтыру. Сөздік қорын молайту,ойлау қабілеттерін дамыту. | **Вариативті компонент**<br>"Сиқырлы әлем"<br>Тақырыбы:"Кірпіге арналған алма"<br>Мақсаты: Балаларды жеміс түрлерімен таныстыру.Ермексаздан алманы мүсіндеу арқылы қол маторикасын дамыту.Негізгі түстерді білу қабілеттерін орнату.<br>Дидактикалық | **Дидактикалық ойын:**<br>"Ғажайып қапшық"<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **Дидактикалық ойын:**<br>**"Бұл кім ?"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға отбасы мүшелерін атай білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Шаттық шеңбер.<br>Сұрақ-жауаптар<br>Д/о:"Жеміс пе,көкініс пе?"<br>Сергіту сәті<br>Қорытынды<br>Мадақтау. | | сыйлық жасау арқылы үлкенге, кішіге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Жүру барысы:**<br>Кіріспе сұрақ-жауап<br>Сурет бойынша әңгіме<br>Д/о:"Ыдыстар"<br>Сергіту сәті<br>Қорытынды |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап , аяқ киімінің бауын байлауды бақылау.<br>Киімді шкафқа ретімен жинау.Достарына көмектесуге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1.Серуен**:<br>Ауа райын бақылау.<br>**Мақсаты**:күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>**2.Еңбек:**үлкендерге ойын алаңын жинастыруға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбекке баулу<br>**3.Қимылдық ойын:** "Қуып жет"<br>Мақсаты: қимыл - қозғалыстарын арттыру.<br>**4.Жеке жұмыс:** Айшабибіден жыл мезгілдерін сұрау.<br>**5.Еркін ойындар.** | **1.Серуен:**<br>Күз көріністерін бақылау.<br>Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білуге баулу.<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңын жинау.<br>Мақсаты: еңбекке баулу.<br>**3. Қимылдық ойын**: "Кім шапшаң?"<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру.<br>**4.Жеке-жұмыс:**<br>Шырын мен Айаруға күз туралы тақпақ жаттату.<br>Мақсаты: есте сақтау қабілетін арттыру.<br>**5. Еркін ойындар** | **1.Серуен:**<br>Күзгі ағашты бақылау.<br>**Мақсаты:** ағашқа деген қамқорлық қатынасын қалыптастыру.<br>**2. Еңбек:** ойын алаңын жинау.<br>Мақсаты: еңбекке шақыру,тазалыққа баулу.<br>**3.Қимылдық ойын:** "Тез жүгір"<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру,ойын шартын түсініп ойнауға тәрбиелеу.<br>**4. Жеке-жұмыс**:<br>Інжуден күз айларын сұрау.<br>Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру.<br>**5.Еркін ойындар**. | **1.Серуен:**<br>Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:**<br>Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығын айтып түсіндіру.<br>**2.Еңбек :** үлкендер дің көмегімен ағаш түптерін қопсыту.<br>Мақсаты:<br>Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**3.Қимылдық ойын**: "Сұр қоян"<br>Мақсаты: шапшаңдылыққа үйрету.<br>4. Жеке-жұмыс:<br>Фатиха мен Ахметтен түстерді | **1.Серуен:**<br>Жаяу жүргіншілерді бақылау.<br>**Мақсаты:**балалардың ойлау қабілеттерін дамыту<br>**Мақсаты:**<br>еңбекке үйрету.<br>**3.Қимылдық ойын:** "Ақ серек, көк серек"<br>Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру.<br>**4.Жеке-жұмыс:**<br>Жанали мен Зейінге1-5ке дейін тура,кері санауды үйрету.<br>Мақсаты: логикалық ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отбасы мүшелерінің бір – біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беру. Басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, олардың ата – аналарының қамқорлық жасайтыны туралы білу, түсіну.<br>**Жүру барысы:**<br>Шаттық шеңбері<br>Отбасы туралы әңгіме<br>Санамақ (отбасы)<br>Сергіту сәті<br>Д/о:"Отбасы мүшелерін ата"<br>Қорытынды.<br>Мадақтау. | **Мақсаты**: Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, коштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Отбасында үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық жасауға баулу арқылы балаларды инабаттылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу<br>**Жүру барысы**<br>Сұрақ-жауап<br>Суретпен жұмыс<br>Д/о:"Суретті орналастыр"<br>Сергіту сәті<br>Қорытынды | **«Таным»**<br>**2. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Мол өнім»<br>**Мақсаты:** Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым – қатынасты тәрбиелеу.<br>**«Шығармашылық»**<br>**2 .Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Қызыл, жасыл шарлар»<br>**Мақсаты:** Балаларға отбасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Туған күн бұл отбасылық дәстүр, әр отбасында көңілді, қызықты есте қалатындай өткізіп дайындалады, безендіреді бізде туған күн кешіне әдемі түрлі-түстішарларды түрлі-түсті қағаздан қиып, жапсырту арқылы балаларды татулыққа баулу.<br>**Жүру барысы:** | **2.Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>«Біздің атай»<br>(Қ. Қуатбаев.)<br>**Мақсаты:** Әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету. Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қамажай» халық әуені» | ***Жүру барысы***:<br>Саптізбекте жүру<br>Жүгіру<br>Қ\о: «Ұя»<br><br>**«Қатынас»**<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр»<br>**Мақсаты:**Отбасының ересек және кіші мүшелеріне сыйластықпен және қамқорлықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелері, дәстүрлі туралы өздігінен әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**«Таным»**<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Мерекелік ашық хаттар»<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қағазды қос бүктеу, пішініне сәйкес әшекейлей білуге және отбасындағы жақындарына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын:** "Танып ал да,атын ата" **Мақсаты:**заттың түр-түсін ,пішінін атын атауға жаттықтыру,сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту. | **Дидактикалық ойын**: "Затты ал" **Мақсаты:**Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету. | **Дидактикалық ойын:** **"**Саңырауқұлақ" **Мақсаты**:заттарды сәйкестендіруге жаттықтыру,өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру. | **Дидактикалық ойын:** "Тәулік бөліктері" **Мақсаты:** тәулік бөліктері жайлы түсініктерін молайту.Тәулік бөліктерін атауға,ажыратуға жаттықтыру. | **Дидактикалық ойын:** "Суретшінің қателігі" **Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **«Шығармашылық»** **3.Сурет салу** **Тақырыбы**:«Не салғым келсе, соны саламын» **Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл – күйін бейнелей білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**«Әлеумет»** **1.Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы:** «Менің отбасым» **Мақсаты:** Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Өзінің | **«Денсаулық»** **1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Біз тату отбасымыз» **Мақсаты:** Балаларға отбасы туралы тереңірек түсінік беру. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрттағандап еңбектеуге үйрену. Бір-біріне доп домалату ,арақашықтыққа сәйкес доптың итерілу күшін дамыта білуін бекіту. **Жүру барысы:** Жаттығу Төрт тағандап еңбектеу **Қ\о:** «Татулы жарыстар»<br><br>**«Қатынас»** **3.Көркем әдебиет** **Тақырыбы**:«Отбасындағы сыйластық» | **«Денсаулық»** **1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Әкем, шешем және мен» **Мақсаты:** Балалардың отбасылық дәстүрлер туралы түсініктерін молайту. Тура салыған жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. Қолмен аяққы сүйеніп төрттағандап еңбектеуде қол мен аятың қимылдарын үйлестіре білуін бекіту. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріп, басынана асыра қол шапалақтауды орындауға жаттықтыру **Жүру барысы:** Қатарда тік жүру Жатығу жасау. Қ\о:«Біз көңілді | **«Таным»** **1.Математика негіздері** **Тақырыбы**:«Менің отбасым» **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратып, оларды көлеміне қарай сәйкестендіре алу дағдысын дамыту. Бес таяқшадан қиялы бойынша әртүрлі бейнелер, геометриялық пішіндер құрастыруға баулу. **Жүру барысы:** Кіріспе сұрақ-жауап Жұмбақ Д/о:"Мынау қандай пішін ?" Қос тілділік Сергіту сәті Қорытынды. **«Шығармашылық»** | **«Денсаулық»** **1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Мен ата -анамды сыйлаймын» **Мақсаты:** Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге баулу. Бір-біріне доп домалату, арақашықтыққа сәйкес доптың итерілу күшін дамыта білуін бекіту. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріп, басынана асыра қол шапалақтауды орындауға жаттықтыру. |

**№ 10 "Құлыншақ" ересек тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы, ІІІ-апта ( 13.09- 17.09.2021ж.)**

**Өтпелі тақырып**:"Бәрі мен жайлы"
**Апталық тақырып**:"Отбасылық дәстүр"
**Мақсаты:** Балалардың өзі туралы және өз отбасылары, олардың мейірімділігі мен жанашырлығы туралы әңгімелеуге талпындыру. Балалардың отбасына және туған үйіне деген махаббат сезімін тудыру. Өздеріне қоршаған ортадағы адамдармен, туыстармен жақсы қарым- қатынаста болу әрекеттерін жетілдіру.

Декеннуға 09. 10.09.2021ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 13.09.21 | Сейсенбі 14.09.21 | Сәрсенбі 15.09.21 | Бейсенбі 16.09.21 | Жұма 17.09.21 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл -күймен қарсы алу.Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру.Баланың бүгінгі көңіл күйі ,оны не қызықтыратыны туралы сұрау,баланың жеке пікірін білідруге баулу. | | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың үйдегі күн тәртібі ,денсаулығы туралы әңгімелесу.Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Саусақ ойыны**<br>Санайық жаңаша,<br>Бір, екі, үш.<br>Желбіре жалауша.<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек | **Сурет бойынша әңгіме.**<br>**Мақсаты**:Сөйлеу мәнерін өзгерте білу ептілігін дамыту. Сөздік қорларын шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. | **Дидактикалық ойын:**<br>"Тазалыққа не қажет?"<br>**Мақсаты:** балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру. | **Санамақ (Отбасы)**<br>Мына саусақ-анашым!<br>Мына саусақ-әкешім!<br>Мына саусақ-әжем ғой!<br>Мына саусақ-атам ғой!<br>Мына саусақ-мен өзім!<br>Осы менің отбасым. | **Үстел-үсті ойыны.**<br>Қызықты математика<br>**Мақсаты**:Балалардың зейінін ашу,ойлау қабілеттерн дамыту. Математика әлеміне деген қызығушылығын дамыту. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Ертеңгілік жаттығу кешені №3 "Жалаушамен"**<br>Жүру, жүгіру , жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, тізбектеліп қатарға тұру. 3-4 қатарға тұру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларға қол жуу кезінде қолдарын ұқыпты жууға, үстел басына қолдарын жуғаннан кейін отыруға дағдыландыру. Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. | | | | |